

«АРУ АНА» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ ЖШС



Берілгені:

Балабақша меңгерушісі:

М. Байғанырова

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

Педагог психологтың жылдық

жоспары

Жетісай қаласы

КІРІСПЕ

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі балабақшадан басталып, мектепке жан-жақты педагогикалық өрісін табады.

Педагог өркениетті ел болашағын ойлайтын, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақты тәрбиелей алады.

Жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту мен тәрбиелеу мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог-психологтар маңызды роль атқарады.

Педагог-психологтың жылдық жоспарында :

- Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологтары мен жас мамандардың жұмысын жүйелі ұйымдастыруға арналған жылдық, апталық жұмыс жоспарлары мен балалардың жас ерекшеліктеріне сай жобалық бағдарлама;
- Балалардың мектепке дайындығымен танымдық қабілеттерін жан-жақты зерттеп дамытуға арналған ойын жаттығулар, тренингтер.
- Ата-аналарды қажетті педагогикалық психологиялық біліммен жетілдіруге қолданылатын кеңестермен ата-аналар жиналысының үлгісі ұсынылып отыр.

Педагог-психологтың негізгі жұмыс бағыттары:

1. Психологиялық бейімделу

Мақсаты: Тұлғаны жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу, балабақшаға алғаш келген кезде балабақшаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделуі, сонымен қатар ата-анасына да балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.

2. Психологиялық диагностикалық жұмыстар

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық өзара әрекетерекшеліктерін зерттеу. Әрбір балаға психологиялық-педагогикалық диагноз жасау.

Әр баланы психологиялық зерттеу:

- Балабақшаға алғаш келген кезеңі
- Жастан жасқа өту кезеңі
- Тұлғалық даму кезеңі
- Баланы мектепке даярлау кезеңі болып табылады.

Танымдық үрдістерді анықтау:

- Ойлау
- Қиялдау
- Есте сақтау
- Қабылдау
- Зейін

Осы үрдістерге баланың өзін-өзі бағалауы, ортамен қарым-қатынасы кіреді.

3. Психологиялық түзету дамыту жұмыстары

Мақсаты: Тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы, оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Әрбір зерттелушінің зерттелген жұмыс қорытындысына орай жүргізіледі. Әр баланың қажеттілігіне ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қарай тақырыбы таңдалады.

- Тұйық балалар
- Қозғыштығы басым балалар
- Агрессивті балалар
- Мазасыз балалар

4. Психологиялық ағарту жұмыстары

Мақсаты: Тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшесімен алдын ала жүргізілетін жұмыс түрі. Мұнда жүргізілетін жұмыс нәтижесіне байланысты кеңестер мен ұсыныстар беріледі.

5. Психологиялық кеңес.

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу. Бұл жұмыс түрлері:

- Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты мазалап жүрген сұрақтарына байланысты.
- Ұжымда жағымды қарым-қатынас орнату үшін.
- Педагогтардың бір-бірімен өзара қалыпты қарым-қатынас орнатуы (сауалнама, тренингтер)
- МДҰ-ның жылдық жұмыс жоспарын құруда әкімшілікпен бірлесе отырып, баланың жас ерекшелігін топтастыруда педагогикалық-психологиялық кеңестер беру.
- Педагог-психологтың жұмысына көмекші құрал ретінде әрбір баланың жас ерекшеліктеріне сай жобалық бағдарламамен жұмыс жасау.

Бағдарламаның мақсаты:

Баланың табиғи психологиялық дамуына жағдай туғызу.

Міндеті:

1. Танымдық қабілеті мен психологиялық үрдісін дамыту-қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял;
2. Танымдық ортасын дамыту – ойша қабылдауын дамыту, елестету қабілетіг бейнелік қабылдауы, сөздік-логикалық, шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлауы;
3. Эмоциялық ортасын дамыту. Адами эмоциялық әлемге кіріспе
4. Қарым-қатынасын дамыту. Жағымды қарым-қатынас орнату үрдісін қадағалау
5. Тұлғалық даму бағыты өзін-өзі жағымды бағалауға өз-өзіне сенімділігін арттыру
6. Ерік бағытының дамуы-психологиялық үрдісі өзін-өзі ұстауы, мектепке жақсы оқуына ықпал жасау. Оқуға деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Жұмыс құрылымы:

Негізгі 3-6 жас аралығындағы балалармен жұмыс жүргізуге арналған.

Жұмыс түрі:

1. Топтық жұмыс:

Топтастыру және жұмысты одан әрі жалғастыру баланың жас ерекшелігіне байланысты жүргізіледі.

Жасы	Топтағы бала саны	Уақыты
3-4 жас	5-6 бала	20 минут
4-5 жас	6-7 бала	20 минут
5-6 жас	7-8 бала	25 минут

Алынатын тақырып пен сағат баланың қызығушылығымен психологтың бақылау қорытындысына байланысты болады. Оқу іс-әрекеті санитарлық-гигиеналық талапқа сай жабдықталған бөлмеде өткізіледі.

Қажетті құрал-жабдықтар:

- Үнтаспа
- Дайын, тақырыпқа сай бейнематериалдар
- Көрнекі ойыншықтар
- Тақта
- Түрлі-түсті борлар
- Ермексаз
- Акварель бояуы, қарындаш, фломастерлер
- Ақ және түрлі-түсті қағаздар
- Құрылыс заттары
- Кілем.

Оқу іс-әрекетін өткізудегі міндеттер:

- Берілген тапсырманың жүйелілігі
- Оқу іс-әрекетінің құрылымының бағыттылығы

Қолжетімдік проблемалық оқу материалының дамытушылық және тәрбиелік жағдайы.

Әрбір оқу іс-әрекеті мына бөлімдерден тұрады:

- Топтың эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру
- Жаттығулар мен ойындардың мақсаты баланың қызығушылығына бағытталған
- Тақырып бойынша баланың түсінігін анықтау
- Жаңа мәлімет бұрыннан таныс тапсырма негізіне сүйене отырып беріледі.
- Таным үрдісін (қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау) және шығармашылық қабілетін арттыруға арналған тапсырмалар
- Алынған қорытындыны іс-жүзінде талдау

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР(психологиялық бейімделу)

№	Жұмыс бағыты	Жұмыстүрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу мерзімі
1	Балабақшаға жаңаданкелген тәрбиеленушігебейімделу парағынтолтыру	Сауалнама	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
2	Балабақшаға бейімделуінзерттеу		Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
3	Тәрбиеленушініңтәртібін е сәйкесбақылауға алу			Қажетіне қарай
4	Ата-аналарға сауалнамажүргізу(балаба қшағабаласының бейімделуітуралы)	Сауалнама	Ата-ана	Жыл бойы
5	Жас ерекшеліктерінебайланы сты ата- аналаржиналысына баяндамадайындау	Баяндама	Ата-ана	Жыл бойы

Психологиялық диагностика

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу мерзімі
1	Әрбір баланыңпсихологиялықд амуын жасерекшеліктеріне қарайжеке жұмыс түріндежүргізу	Балабақшағакел ген уақытынанзертт еу. Балбалатобында ғыбалалардыан ықтау.Топтарда ғыбөлініп алатынбалалард ыанықтау		Жыл бойы
2	Балалардыңпсихофизиол огиялықерекшеліктеріна нықтау	Бақылау, тест,тапсырмала р,мақсатына қарайжеке жұмыстүрлері менұсыныстар	Тәрбиеленушілер	Қыркүйек,қазан, қараша,наурыз, жылбойы

3	Таным үрдістерінің дамуына арналған зерттеулер жүргізу	Ойлау, естесактау, қиял, зейін, қабылдау	Ересектер	Қаңтар, ақпан, мамыр, жыл бойы
4	Бала дамуындағы ауытқушылықтарды анықтау	Балалардың тілдік қорларының даму деңгейін анықтау	Ата-ана, бала, педагогтар	Жыл бойы
5	Баланың өзара қарым-қатынасын ұжыммен қатынасын зерттеу	Әдістеме, отбасы әдістемесі, социометрия, баспалдақ әдістемесі	Балалар тобы	Жыл бойы
6	Баланың мектепке дайындығын анықтау	Тапсырмалар, ойындар, жаттығулар	Ересектер тобы	Сәуір айы

Психологиялық ағартушылық жұмыс

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу мерзімі
1	Баланың жекетұлғалық картасындайындау	Баланың мінез-құлқын бақылаудағы картаны толтыру	Тәрбиеленушілер	Қараша, желтоқсан, қаңтар
2	Жеке тұлғалық қарым-қатынасты зерттеу	Өртүрлі жағдайдағы көңіл күйді бақылау, тілінде ауытқушылығы бар балалардың жесстік мимиканы пайдалануы	Тәрбиеленушілер, ата-аналар	Жыл бойы
3	Ата-аналарға балаларының психологиялық жас ерекшеліктері жайында тақырыптық баяндамалар оқу	Түрлі жағдайға ұшыраған балаға психологиялық көмек көрсету	Ересектер тобы	Қажетіне қарай

Психологиялық түзету-дамыту жұмыс

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу
1	Топтағы қозғышытығы басым балаларды анықтау (гиперактив)	Ойындар ментапсырмалар, жаттығулар	Тәрбиеленушілер	мерзімі Жыл бойы
2	Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу	Сауалнама, баяндама «Зейінсіз бала қайдан шығады?»	Ата-ана, Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
3	Өзара қарым-қатынасқа түсе алмайтын, тұйықтығы басым балалармен жұмыс	Тапсырмалар жаттығулар, ойындар	Балалар	Қажетіне қарай
4	Балалардың мазасыздану деңгейін анықтау	Әдістеме	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу
1	Ұжыммен танысу, педагогтардың тізімі	Сауалнама	Тәрбиешілер, қжым мүшелері	Жыл басы
2	Атестациядан өтетін тәрбиешілердің жұмысымен танысу		Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
3	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу және талдау			Жыл бойы
4	Өзара қарым-қатынасты анықтау	Тренингтер	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
5	Балабақша жоспарында ағы семинарға, пед кеңеске баяндамалар мен ұсыныстар оқу	Баяндамалар, тренингтер	Тәрбиеленушілер	Жыл бойы
6	Жыл бойы істелген жұмыстардыңналитикалық есебін беру	Аналитикалық есеп жазу	Тәрбиеленушілер	Мамыр айы

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрлері	Зерттелуші нысана	Өткізілу мерзімі
1	Бөбекжайға жаңадан келген балалардың ата-аналармен жұмыс	Баланың жаңа ортаға үйренуіне көмектесу	Ата-аналарға баланың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер беру Ата-аналар	Қыркүйек
2	Ата-аналар жиналысын өткізу	Бірлесіп жұмыс істеуге баулу	«Баланың басты ұстазы-ата-анасы» Ата-аналар	Қазан
3	Ата-аналарға арналған диагностикалық материалдар		Ұсыныстар Ата-аналар	Қараша
4	Модерннің әлеуметтік картинасын зерттеу	Тренингтер	Сауалнамалар жүргізу Ата-аналар	Желтоқсан
5	Ата-ананың өз баласымен қарым-қатынасын анықтау	Баяндамалар, тренингтер	Қарым-қатынасты анықтауға арналған тест Ата-аналар	Қаңтар
6	Ата-аналар жиналысына қатысып, жүргізілген жұмыстардың қорытындысы мен танысу	Аналитикалық есеп жазу	Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы мен таныстыру Ата-аналар	Жыл бойы